

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына бухгалтерлік есеп жүргізу және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 14 қазандағы № 171 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 23 қазанда № 19506 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес және бухгалтерлік есеп жүргізуді және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыруды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.

2. Бухгалтерлік есеп департаменті (Рахметова С.К.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Қасенов А.С.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі (Адамбаева Ә.Р.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ғалиеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Е. Досаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 14 қазандағы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының бухгалтерлік есеп жүргізу және бухгалтерлік есеп жүргізуді автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 22 қыркүйектегі № 79 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5348 болып тіркелген, 2008 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында № 12 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

1-тарауда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қазақстан Республикасы қаржы нарығының жекелеген субъектілеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары (бұдан әрі – Шоттар жоспары) " Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі – жинақтаушы зейнетақы қорлары), банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұрын еншілес банк болып табылған заңды тұлғаны қоспағанда), Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының, микроқаржы ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің (бұдан әрі – ұйымдар) қаржылық есептілік элементтерін топтастыру және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында құндық көрсеткішпен ағымдағы көрсетуге арналған.";

4-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1) 40-59 "Сақтандыру брокерлерінің қызметіне байланысты операциялар", оларда сақтандыру брокерлерінің қызметіне байланысты операциялар көрсетіледі;"

2-тарауда:

1-параграфта:

1050-шоттың нөмірі және аты алып тасталсын;

1120, 1120 01, 1120 02, 1120 03, 1120 04 және 1120 05-шоттардың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын
1120	қысқа мерзімді қаржы активтері

1120 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері
1120 02	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қаржы активтері бойынша дисконт
1120 03	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қаржы активтері бойынша сыйлықақы
1120 04	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
1120 05	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету";

1150 05-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1150 06-шотпен толықтырылсын:

" 1150 06	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымдары (бір жылға дейінгі)";
-----------	---

1150 07 және 1150 08-шоттардың нөмірлері мен аттары алып тасталсын;

1270 37-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1270 38, 1270 41 және 1270 42-шоттармен толықтырылсын:

" 1270 38	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
1270 41	Сақтандыру брокерлерінің сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет үшін есептелген комиссиялық кірістері
1270 42	Сақтандыру брокерлерінің қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет үшін есептелген комиссиялық кірістері";

1280 27-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1280 41, 1280 42, 1280 43, 1280 44 және 1280 45-шоттармен толықтырылсын:

"1280 41	Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары
1280 42	Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары
1280 43	Сақтандырушыларға қойылатын талаптар
1280 44	Қайта сақтандырушыларға қойылатын талаптар
1280 45	Брокерлік қызмет бойынша басқа да дебиторлық берешек";

1290 01, 1290 21, 1290 22, 1290 23, 1290 24 және 1290 25-шоттардың аттары мынадай редакцияда жазылсын:

" 1290 01	Дебиторлық берешек бойынша резервтер (провизиялар)
1290 21	Клиенттерге берілген заемдар бойынша резервтер (провизиялар)
1290 22	Клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша резервтер (провизиялар)
1290 23	Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша резервтер (провизиялар)
1290 24	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар бойынша резервтер (провизиялар)

1290 25	Банктік қызмет бойынша басқа да дебиторлық берешек бойынша резервтер (провизиялар)";
------------	--

1290 25-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1290 26-шотпен толықтырылсын:

" 1290 26	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша резервтер (провизиялар)";
-----------------	--

1360-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1370 және 1380-шоттармен толықтырылсын:

"1370	Тазартылған бағалы металдар
1380	Жолдағы тазартылған бағалы металдар";

1620-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1620 01-шотпен толықтырылсын:

"1620 01	Сақтандыру ұйымдарына төленген сақтандыру сыйлықақылары";
----------	---

2-параграфта:

2040 02-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 2040 03-шотпен толықтырылсын:

"2040 03	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдары";
-------------	--

2040 04-шоттың нөмірі және аты алып тасталсын;

2170 03-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 2170 22-шотпен толықтырылсын:

" 2170 22	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер";
-----------------	---

2430-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 2440, 2450, 2460 және 2470-шоттармен толықтырылсын:

"2440	Пайдалану құқығы нысанындағы активтер
2450	Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша есептелген амортизация
2460	Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындар
2470	Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындар бойынша есептелген амортизация";

3-параграфта:

3380 34-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 3380 35 және 3380 36-шоттармен толықтырылсын:

"3380 35	Тартылған қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар
3380 36	Жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша есептелген пайыздық шығыстар";

3390 26-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"3390 26	Қысқа мерзімді жинақ салымдары";
----------	----------------------------------

3390 31-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 3390 41, 3390 42, 3390 43, 3390 44 және 3390 45-шоттармен толықтырылсын:

"3390 41	Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу
3390 42	Қайта сақтанушылармен есеп айырысу
3390 43	Сақтанушылармен есеп айырысу
3390 44	Сақтандырушылармен есеп айырысу
3390 45	Брокерлік қызметпен байланысты басқа да кредиторлық берешек";

3390 68-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 3390 70-шотпен толықтырылсын:

"3390 70	Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының есебінен қалыптастырылған зейнетақы-шоттардың талаптарымен есепке алынатын қаражат";
----------	--

3510 01-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 3510 41-шотпен толықтырылсын:

"3510 41	Делдалдық қызмет үшін алынған аванстар";
----------	--

4-параграфта:

4150-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"4150	Жалдау жөніндегі міндеттемелер";
-------	----------------------------------

4160 25-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 4160 26-шотпен толықтырылсын:

"4160 26	Тартылған ұзақ мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар";
----------	--

5-параграфта:

5420-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"5420	Пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтарды және активтерді қайта бағалау резерві";
-------	--

5480 және 5490-шоттардың аты мынадай редакцияда жазылсын:

" 5480	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтері (провизиялары)
5490	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын заемдар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтері";

6-параграфта:

6110 34-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 6110 35 және 6110 41-шоттармен

толықтырылсын:

"6110 35	Жинақ салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер
6110 41	Сақтандыру брокерлерінің комиссиялық кірістері";

6150 01-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"6150 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен кірістер";
----------	--

6150 02-шоттың нөмірі және аты алып тасталсын;

6150 03 және 6150 04-шоттардың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"6150 03	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша кірістер
6150 04	Басқа да қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруінен түскен кірістер";

6240 24-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 6240 25-шотпен толықтырылсын:

" 6240 25	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден түскен кірістер";
-----------	--

6250 01-шоттың нөмірі және аты алып тасталсын;

6250 02-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер";
----------	--

6280 01-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"6280 01	Тазартылған бағалы металдарды сатудан түскен кірістер";
----------	---

6280 03 және 6280 04-шоттардың аттары алып тасталсын;

6280 05 және 6280 06-шоттардың нөмірлері және аттары мынадай редакцияда жазылсын:

"6280 05	Тазартылған бағалы металдарды қайта бағалаудан түскен кірістер
6280 06	Басқа да қайта бағалаудан түскен кірістер";

6280 09-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 6280 41-шотпен толықтырылсын:

"6280 41	Брокерлік қызметтен түскен басқа да кірістер";
----------	--

6290 01, 6290 02, 6290 03, 6290 04, 6290 05, 6290 07 және 6290 08-шоттардың нөмірлері және аттары алып тасталсын;

7-параграфта:

7310 25-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 7310 26-шотпен толықтырылсын:

"7310 26	Тартылған жинақ салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар";
----------	--

7340-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 7350-шотпен толықтырылсын:

"7350	Жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар";
-------	--

7430 01-шоттың нөмірі және аты алып тасталсын;

7430 02-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстар";
----------	--

7440 24-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 7440 25-шотпен толықтырылсын:

"7440 25	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру шығыстары";
----------	---

7470 01-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"7470 01	Тазартылған бағалы металдардың баланстық құны";
----------	---

7470 03-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"7470 03	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған шығыстар";
----------	--

7470 04 және 7470 05-шоттардың нөмірлері және аттары алып тасталсын;

7470 06, 7470 07 және 7470 08-шоттардың аттары мынадай редакцияда жазылсын:

"7470 06	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша шығыстар
7470 07	Тазартылған бағалы металдарды қайта бағалаудан болған шығыстар
7470 08	Басқа да қайта бағалаудан болған шығыстар";

7480 01, 7480 02, 7480 03, 7480 04, 7480 05, 7480 07 және 7480 08-шоттардың нөмірлері және аттары алып тасталсын;

7490-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 7490 01, 7490 02, 7490 03, 7490 04 және 7490 05-шоттармен толықтырылсын:

"7490 01	Пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтардың және активтердің амортизациясы бойынша шығыстар
7490 02	Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындардың амортизациясы бойынша шығыстар
7490 03	Жылжымайтын мүлікке инвестициялардың амортизациясы бойынша шығыстар
7490 04	Барлау және бағалау активтерінің амортизациясы бойынша шығыстар

7490 05 | Басқа да материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстар";

10-параграфта:

1830 04 және 1830 05-шоттардың аттары мынадай редакцияда жазылсын:

"1830 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен кірістер
1830 05	Бағамдық айырма бойынша кірістер";

1830 06 және 1830 07-шоттардың нөмірлері және аттары алып тасталсын;

1830 09-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"1830 09	Туынды қаржы құралдармен мәмілелерді қайта бағалаудан түскен кірістер";
----------	---

1830 10-шоттың нөмірі және аты алып тасталсын;

1840 04 және 1840 05-шоттардың аттары мынадай редакцияда жазылсын:

"1840 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған шығыстар
1840 05	Бағамдық айырма бойынша шығыстар";

1840 06 және 1840 07-шоттардың нөмірлері және аттары алып тасталсын;

1840 09-шоттың аты мынадай редакцияда жазылсын:

"1840 09	Туынды қаржы құралдармен мәмілелерді қайта бағалаудан болған шығыстар";
----------	---

1840 10-шоттың нөмірі және аты алып тасталсын;

3-тарауда:

1-параграфта:

1050-шоттың нөмірі, аты және сипаттамасы алып тасталсын;

1110 23-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: қарызды өтеу сомасының нақты берілген қысқа мерзімді қарыздың сомасынан асып кету түріндегі дисконттың сомаларын (мәміле бойынша шығындарды қосқанда), жаңғырту кезінде қарыздың жалпы құнын түзету сомаларын, кредиттік-құнсызданған қарыздың сатып алуға немесе құруға байланысты түзету сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес пайыз мөлшерлемесі бойынша қысқа мерзімді қарыз беруге байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қарызды өтеу сомасының нақты берілген қысқа мерзімді қарыздың сомасынан асып кету түріндегі дисконттың сомасы, жаңғырту кезінде қарыздың жалпы құнын түзету сомасы, кредиттік-құнсызданған заемды сатып алуға немесе құруға байланысты түзету сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес пайыз мөлшерлемесі бойынша қысқа мерзімді қарыз беруге байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша берілген қысқа мерзімді қарыз бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.";

1110 24-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: нақты берілген қысқа мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша шығындарды қосқанда) заемды өтеу сомасынан (сыйлықақы) асып кету сомаларын,

тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша нақты берілген қысқа мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша шығындарды қосқанда) заемды өтеу сомасынан (сыйлықақы) асып кету сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген қысқа мерзімді қарыз бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.";

1120 01, 1120 02, 1120 03, 1120 04 және 1120 05-шоттарының аттары және сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1120 01 "Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтері" (актив).

Мақсаты: одан әрі өткізу және кіріс алу мақсатында сатып алынған қаржы активтерінің номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активінің номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қаржы активі өткізілген, басқа санатқа ауыстырылған, сондай-ақ төлем мерзімі өтіп кеткен кезде оның номиналдық құнын есептен шығару жазылады.

1120 02 "Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қаржы активтері бойынша дисконт" (контракттив).

Мақсаты: өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан (дисконт) асып кету сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес пайыз мөлшерлемесі бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан (дисконт) асып кету сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес пайыз мөлшерлемесі бойынша қаржы активтерді сатып алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активі бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.

1120 03 "Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қаржы активтері бойынша сыйлықақы" (актив).

Мақсаты: өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерін сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан (сыйлықақы) асып кету сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерін сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан (сыйлықақы) асып кету сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерін сатып алу бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.

1120 04 "Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету" (актив).

Мақсаты: өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активінің әділ құнын оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активінің әділ құнын оң түзету сомаларын есептен шығару жазылады.

1120 05 "Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету" (контракттив).

Мақсаты: өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активінің әділ құнын теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қаржы активінің әділ құнын теріс түзету сомаларын есептен шығару жазылады.";

1130 02-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: амортизациялық құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомаларын (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, қаржы активтерін нарықтық емес мөлшерлеме бойынша сатып алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша амортизациялық құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активінің номиналдық құнының оны сатып алу құнынан асып кету сомасы (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, қаржы активтерін нарықтық емес мөлшерлеме бойынша сатып алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған, амортизациялық құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активі бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.";

1130 03-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: амортизациялық құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып кету сомаларын (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша амортизациялық құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активінің сатып алу құнының оның номиналдық құнынан асып кету сомасы (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған, амортизациялық құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активі бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.";

1140 02-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: сатып алынған, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомаларын (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, қаржы активтерін нарықтық емес мөлшерлеме бойынша сатып алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің номиналдық құнының оның сатып алу құнынан асып кету сомаларын (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, қаржы активтерін нарықтық емес мөлшерлеме бойынша сатып алуға байланысты түзету сомасы.

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.";

1140 03-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып кету сомаларын (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің сатып алу құнының оның номиналдық құнынан асып кету сомасы (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активі бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.";

1140 04-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құнын оң түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құнын оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құнын оң түзету сомаларын есептен шығару жазылады.";

1140 05-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құнын теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құнын теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерінің құнын теріс түзету сомаларын есептен шығару жазылады.";

1150 05-шоттың сипаттамасынан кейін 1150 05-шоттың мынадай мазмұндағы нөмірімен, атымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"1150 06 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымдары (бір жылға дейінгі)" (актив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда бір жылға дейінгі мерзімге орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымдарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымының сомаларын есептен шығару жазылады.";

1150 07 және 1150 08-шоттардың нөмірлері, аттары және сипаттамалары алып тасталсын;

1270 37-шоттың сипаттамасынан кейін 1270 38, 1270 41 және 1270 42-шоттардың нөмірлерімен, аттарымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"1270 38 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер" (актив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымы бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымы бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасын оларды банк және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

1270 41 "Сақтандыру брокерлерінің сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет үшін есептелген комиссиялық кірістері" (актив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлерінің сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет үшін есептелген комиссиялық кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокерлерінің сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет үшін есептелген комиссиялық кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістерінің сомаларын есептен шығару жазылады.

1270 42 "Сақтандыру брокерлерінің қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет есептелген комиссиялық кірістері" (актив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлерінің қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет үшін есептелген комиссиялық кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокерлерінің қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет үшін есептелген комиссиялық кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру брокерлерінің есептелген комиссиялық кірістерінің сомаларын есептен шығару жазылады.";

1280 21-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: "Жалдау" 16-халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IFRS) сәйкес қаржылық жалдау құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша "Жалдау" 16-халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IFRS) сәйкес жалдау құнын тану және түзету жазылады.

Шоттың кредиті бойынша "Жалдау" 16-халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IFRS) сәйкес жалдау құнын есептен шығару жазылады.";

1280 27-шоттың сипаттамасынан кейін 1280 41, 1280 42, 1280 43, 1280 44 және 1280 45-шоттардың нөмірлерімен, аттарымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"1280 41 "Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары" (актив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлері сақтанушылардан алатын сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокері сақтанушыдан алатын сақтандыру сыйлықақыларының сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын оларды сақтанушы төлеген немесе төлем мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

1280 42 "Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары" (актив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлері қайта сақтанушылардан алатын сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокері қайта сақтанушыдан алатын сақтандыру сыйлықақыларының сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын оларды қайта сақтанушы төлеген немесе төлем мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

1280 43 "Сақтандырушыларға қойылатын талаптар" (актив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлері сақтандыру ұйымдарынан алатын талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокері сақтандыру ұйымынан алатын талаптардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша талаптардың сомаларын оларды сақтандыру ұйымы төлеген немесе төлем мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

1280 44 "Қайта сақтандырушыларға қойылатын талаптар" (актив).

Мақсаты: қайта сақтандыру ұйымдарынан алынатын талаптардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайта сақтандыру ұйымынан алынатын талаптардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша талаптардың сомаларын оларды қайта сақтандыру ұйымы төлеген немесе төлем мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

1280 45 Брокерлік қызмет бойынша басқа да дебиторлық берешек" (актив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлерінің брокерлік қызметтен басқа да дебиторлық берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокерлерінің брокерлік қызметтен басқа да дебиторлық берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да дебиторлық берешектің сомаларын олар төленген немесе төлеу мерзімі өтіп кеткен кезде есептен шығару жазылады.";

1290 01, 1290 21, 1290 22, 1290 23, 1290 24 және 1290 25-шоттардың аттары және сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1290 01 "Дебиторлық берешек бойынша резервтер (провизиялар)" (контрактив).

Мақсаты: клиенттердің дебиторлық берешегі бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттердің дебиторлық берешегі бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомаларын есептен шығару жазылады.

1290 21 "Клиенттерге берілген заемдар бойынша резервтер (провизиялар)" (контрактив).

Мақсаты: клиенттерге берілген қарыздар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттерге берілген қарыздар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомаларын есептен шығару жазылады.

1290 22 "Клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша резервтер (провизиялар)" (контрактив).

Мақсаты: клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомаларын есептен шығару жазылады.

1290 23 "Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша резервтер (провизиялар)" (контрактив).

Мақсаты: амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтері бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есептен шығару жазылады.

1290 24 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар бойынша резервтер (провизиялар)" (контрактив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған салымдар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған салымдар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есептен шығару жазылады.

1290 25 "Банктік қызмет бойынша басқа да дебиторлық берешек бойынша резервтер (провизиялар)" (контрактив).

Мақсаты: банктік қызмет бойынша басқа да дебиторлық берешек бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банктік қызмет бойынша басқа да дебиторлық берешек бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есептен шығару жазылады.";

1290 25-шоттың сипаттамасынан кейін 1290 26-шоттың мынадай мазмұндағы нөмірімен, атымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"1290 26 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша резервтер (провизиялар)" (контрактив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша

күтілетін және орын алған кредиттік залалдар бойынша бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік залалдар бойынша бағалау резервтерінің (провизияларының) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомаларын есептен шығару жазылады.";

1360-шоттың сипаттамасынан кейін 1370 және 1380-шоттардың мынадай мазмұндағы нөмірлерімен, аттарымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"1370 "Тазартылған бағалы металдар" (актив).

Мақсаты: тазартылған бағалы металдардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша тазартылған бағалы металдардың құны, сондай-ақ олар қайта бағалау құны бойынша көрсетілген жағдайда олардың оң қайта бағалауы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша тазартылған бағалы металдардың құнын есептен шығару, сондай-ақ олар қайта бағалау құны бойынша көрсетілген жағдайда олардың оң қайта бағалауы жазылады.

1380 "Жолдағы тазартылған бағалы металдар" (актив).

Мақсаты: ұйымның бөлімшелері арасында жіберілетін тазартылған бағалы металдардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның филиалдары, өкілдіктері және өзге де жеке құрылымдық бөлімшелері арасында жіберілетін тазартылған бағалы металдардың құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша тазартылған бағалы металдардың құнын алушыдан тазартылған бағалы металдарды алғаны туарлы растаманы немесе аванстық есепті алғаннан кейін есептен шығару жазылады.";

1610 05-шоттың сипаттамасынан кейін 1620 01-шоттың нөмірімен, атымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"1620 01 "Сақтандыру ұйымдарына төленген сақтандыру сыйлықақылары" (актив).

Мақсаты: сақтандыру ұйымдарына төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру ұйымына төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша есептеу әдісі бойынша нақты шығыстар үшін сақтандыру ұйымына төленген сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есептен шығару жазылады.";

2010 22-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: заемның өтелетін сомасының нақты берілген ұзақ мерзімді заемның сомасынан асуы түріндегі дисконттың сомаларын (мәміле бойынша залалдарды қоса алғанда), модификациялау кезінде заемның жалпы құнын түзету сомаларын, кредиттік-құнсызданған заемды сатып алуға немесе құруға байланысты түзету сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша заемның өтелетін сомасының нақты берілген ұзақ мерзімді заемның сомасынан асуы түріндегі дисконттың сомасы, модификациялау кезінде заемның жалпы құнын түзету сомасы, кредиттік-құнсызданған заемды сатып алуға немесе құруға байланысты түзету сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша берілген ұзақ мерзімді заем бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.";

2010 23-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: нақты берілген ұзақ мерзімді заем сомасының (мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда) заемның өтелетін сомасынан асуы түріндегі сыйлықақылардың сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша нақты берілген ұзақ мерзімді заем сомасының (мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда) заемның өтелетін сомасынан (сыйлықақы) асу сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген ұзақ мерзімді заем бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.";

2020 02-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: амортизациялық құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асатын сомаларын (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша амортизациялық құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асатын сомасы (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған, амортизациялық құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.";

2020 03-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: амортизациялық құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомаларын (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша амортизациялық құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомасы (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған, амортизациялық құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.";

2030 02-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асатын сомаларын (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асатын сомасы (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.";

2030 03-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомаларын (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің сатып алу құнының олардың номиналдық

құнынан асатын сомасы (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтері бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.";

2030 04-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомаларын есептен шығару жазылады.";

2030 05-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын ұзақ мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомаларын есептен шығару жазылады.";

2040 02-шоттың сипаттамасынан кейін 2040 03-шоттың мынадай мазмұндағы нөмірімен, атымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2040 03 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдары" (актив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған жинақ салымдарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған жинақ салымдарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған жинақ салымдарының сомаларын есептен шығару жазылады.";

2040 04-шоттың нөмірі, аты және сипаттамасы алып тасталсын;

2170 03-шоттың сипаттамасынан кейін 2170 22-шоттың мынадай мазмұндағы нөмірімен, атымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2170 22 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер" (актив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын оларды екінші деңгейдегі банк және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлеген немесе төлеу мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.";

2430-шоттың сипаттамасынан кейін 2440, 2450, 2460 және 2470-шоттардың мынадай мазмұндағы нөмірлерімен, аттарымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"2440 "Пайдалану құқығы нысанындағы активтер" (актив).

Мақсаты: жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтердің құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтердің құны, жалдау жөніндегі міндеттемелер қайта бағаланған жағдайда активтің сомасын түзету сомасы, жалдау шартының талаптары өзгерген кезде құнды түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жалға алу мерзімі аяқталғаннан кейін, құнсызданған кезде, жалдау жөніндегі міндеттемелер қайта бағаланған жағдайда құн түзетілген кезде, жалдау шартының талаптарының өзгеруіне байланысты құнды түзеткен кезде жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтердің құнын есептен шығару жазылады.

2450 "Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша есептелген амортизация" (контрактив).

Мақсаты: жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша есептелген амортизацияның сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша есептелген амортизацияның сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша есептелген амортизацияның сомасын есептен шығару жазылады.

2460 "Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындар" (актив).

Мақсаты: жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындардың құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша жұмсалған күрделі шығындардың құнын есептен шығару жазылады.

2470 "Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындар бойынша есептелген амортизация" (контракттив).

Мақсаты: жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша келтірілген күрделі шығындар бойынша есептелген амортизацияның сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша келтірілген күрделі шығындар бойынша есептелген амортизацияның сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жалға алынған негізгі құрал-жабдықтар бойынша келтірілген күрделі шығындар бойынша есептелген амортизацияның сомаларын есептен шығару жазылады.";

3050 05-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: нақты алынған қысқа мерзімді заем сомасының (мәміле бойынша шығындары ескере отырып) өтелетін заем сомасынан (сыйлықақы) асатын сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша нақты алынған қысқа мерзімді заем сомасының (мәміле бойынша шығындары ескере отырып) өтелетін заем сомасынан (сыйлықақы) асатын сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді заем бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.";

3050 06-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: өтелетін заем сомасының (дисконт) нақты алынған қысқа мерзімді заем сомасынан (мәміле бойынша шығындары ескере отырып) асатын сомаларын, тиімді

пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қысқа мерзімді заем алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өтелетін заем сомасының (дисконт) нақты алынған қысқа мерзімді заем сомасынан (мәміле бойынша шығындары ескере отырып) асатын сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қысқа мерзімді заем алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алынған қысқа мерзімді заем бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.";

3380 34-шоттың сипаттамасынан кейін 3380 35 және 3380 36-шоттардың мынадай мазмұндағы нөмірлерімен, аттарымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"3380 35 "Тартылған қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар" (пассив).

Мақсаты: клиенттердің банктік салым шарты бойынша тартылған қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің банктік салым шарты бойынша тартылған қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша банктік салым шарты бойынша тартылған қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомаларын есептен шығару жазылады.

3380 36 "Жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша есептелген пайыздық шығыстар" (пассив).

Мақсаты: жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша есептелген пайыздық шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша міндеттеме бойынша есептелген пайыздық шығыстардың сомаларын есептен шығару жазылады.";

3390 26-шоттың аты және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3390 26 "Қысқа мерзімді жинақ салымдары" (пассив).

Мақсаты: клиенттердің банктік салым шарты бойынша тартылған жинақ салымдарының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің банктік салым шарты бойынша тартылған жинақ салымдарының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиенттің тартылған жинақ салымдарының сомаларын шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептен шығару жазылады.";

3390 31-шоттың сипаттамасынан кейін 3390 41, 3390 42, 3390 43, 3390 44 және 3390 45-шоттардың мынадай мазмұндағы нөмірлерімен, аттарымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"3390 41 "Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу" (пассив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлерінің қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушылар алдындағы берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру брокерінің қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушылар алдындағы берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокері берешегінің сомаларын оларды қайта сақтандырушыға төлеген кезде есептен шығару жазылады.

3390 42 "Қайта сақтанушылармен есеп айырысу" (пассив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлерінің қайта сақтанушылар алдындағы берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру брокерінің қайта сақтанушылар алдындағы берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокері берешегінің сомаларын оларды қайта сақтанушыға төлеген кезде есептен шығару жазылады.

3390 43 "Сақтанушылармен есеп айырысу" (пассив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлерінің сақтанушылар алдындағы берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру брокерінің сақтанушылар алдындағы берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокері берешегінің сомаларын оларды сақтанушы төлеген кезде есептен шығару жазылады.

3390 44 "Сақтандырушылармен есеп айырысу" (пассив).

Мақсаты: сақтандыру брокерлерінің сақтандыру шарттары бойынша сақтандырушылар алдындағы берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру брокерінің сақтандыру шарты бойынша сақтандырушы алдындағы берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сақтандыру брокері берешегінің сомаларын оларды сақтандырушыға төлеген кезде есептен шығару жазылады.

3390 45 "Брокерлік қызметпен байланысты басқа да кредиторлық берешек" (пассив)

Мақсаты: брокерлік қызметпен байланысты басқа да кредиторлық берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша брокерлік қызметпен байланысты басқа да кредиторлық берешектің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша брокерлік қызметпен байланысты басқа да кредиторлық берешекті олар төленген кезде есептен шығару жазылады.";

3390 68-шоттың сипаттамасынан кейін 3390 70-шоттың мынадай мазмұндағы нөмірімен, атымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"3390 70 "Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарының есебінен қалыптастырылған зейнетақы-шоттардың талаптарымен есепке алынатын қаражат" (пассив).

Мақсаты: жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын жеке тұлғалардың зейнетақы-шоттардың талаптарымен есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жұмыс берушінің түскен міндетті зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің, резервтік қорларының шоттарынан аударымдардың және өзге түсімдердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жұмыс берушінің түскен міндетті зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің, резервтік қорларының шоттарынан аударымдардың және өзге түсімдердің сомаларын есептен шығару жазылады.";

3510 01-шоттың сипаттамасынан кейін 3510 41-шоттың мынадай мазмұндағы нөмірімен, атымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"3510 41 "Делдалдық қызмет үшін алынған аванстар" (пассив).

Мақсаты: сақтанушылар (қайта сақтанушылар) сақтандыру брокеріне алдын ала төлеген сақтандыру сыйлықақыларының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтанушылар (қайта сақтанушылар) сақтандыру брокеріне алдын ала төлеген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептеу әдісіне сәйкес алдын ала төленген сақтандыру сыйлықақыларды есептен шығару жазылады.";

4030 08-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың номиналдық құнының олардың орналастырылу құнынан асатын сомаларын (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың шығарылымына байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың номиналдық құнының олардың орналастырылу құнынан асатын сомасы (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың шығарылымына байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.";

4030 09-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың орналастырылу құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомаларын (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың орналастырылу құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомасы (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.";

4030 11-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: нақты алынған ұзақ мерзімді заем сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) өтелетін заем сомасынан асатын сомаларын (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша нақты алынған ұзақ мерзімді заем сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) өтелетін заем сомасынан асатын сомасы (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған ұзақ мерзімді заем бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.";

4030 12-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: өтелетін заем сомасының нақты алынған ұзақ мерзімді заем сомасынан (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) асатын сомаларын (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша ұзақ мерзімді заем алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өтелетін заем сомасының нақты алынған ұзақ мерзімді заем сомасынан (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) асатын сомасы (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша ұзақ мерзімді заем алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алынған ұзақ мерзімді заем бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.";

4150-шоттың аты және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4150 "Жалдау жөніндегі міндеттемелер" (пассив).

Мақсаты: жалдау жөніндегі міндеттемелердің құнын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жалдау төлемдерінің келтірілген құны, жалдау жөніндегі міндеттемелердің құнын түзету сомасы, жалдау жөніндегі міндеттемелерді қайта бағалау, жалдау шарты талаптарының өзгеруіне байланысты түзетулер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жалдау жөніндегі міндеттемелердің құнын түзету сомасы, жалдау жөніндегі міндеттемелерді қайта бағалау, жалдау шарты талаптарының өзгеруіне байланысты түзетулер сомасы, жалдау жөніндегі міндеттемелердің сомалары оларды өтеген кезде есептен шығару жазылады.";

4160 25-шоттың сипаттамасынан кейін 4160 26-шоттың мынадай мазмұндағы нөмірімен, атымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"4160 26 "Тартылған ұзақ мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар" (пассив).

Мақсаты: клиенттердің банктік салым шарты бойынша тартылған ұзақ мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің тартылған ұзақ мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиенттің тартылған жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомаларын есептен шығару жазылады.";

5420-шоттың аты және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5420 "Пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтарды және активтерді қайта бағалау резерві" (пассив).

Мақсаты: пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтардың және активтердің әділ құнын қайта бағалау нәтижесінде пайда болған олардың қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтардың және активтердің әділ құны ұлғайған кезде оларды қайта бағалаудан болған оң айырманың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтардың және активтердің әділ құны кеміген кезде оларды қайта бағалаудан болған теріс айырманың сомасы, сондай-ақ пайдаланылуына қарай немесе негізгі құрал-жабдықтарды және активтерді шығынға жазу кезінде пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтарды және активтерді оң қайта бағалауды № 5520 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

5480 және 5490-шоттардың аты және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5480 "Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтері (провизиялары)" (пассив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтерінің (провизияларының) сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есептен шығару жазылады.

5490 "Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын заемдар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтері (провизиялары)" (пассив).

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын заемдар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын заемдар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтерінің (провизияларының) сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын заемдар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік шығындар бойынша бағалау резервтерінің (провизияларының) сомаларын есептен шығару жазылады.";

6110 34-шоттың сипаттамасынан кейін 6110 35 және 6110 41-шоттардың мынадай мазмұндағы нөмірлерімен, аттарымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"6110 35 "Жинақ салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер".

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған жинақ салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылған жинақ салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 41 "Сақтандыру брокерлерінің комиссиялық кірістері".

Мақсаты: сақтандыру брокері алған комиссиялық кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру брокері алған комиссиялық кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша комиссиялық кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

6150 01-шоттың аты және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6150 01 "Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен кірістер".

Мақсаты: Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздарды оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздарды оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

6150 02-шоттың нөмірі, аты және сипаттамасы алып тасталсын;

6150 03 және 6150 04-шоттардың аттары және сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"6150 03 "Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша кірістер".

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды шығынға жазу және (немесе) қайта жіктеу кезінде кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды шығынға жазу және (немесе) қайта жіктеу кезінде кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6150 04 "Басқа да қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруінен түскен кірістер".

Мақсаты: басқа да қаржы құралдарын оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да қаржы құралдарын оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

6240 24-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 6240 25-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"6240 25 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер".

Мақсаты: екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша құрылған, қалпына келтірілген (жойылған) резервтердің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған ағымдағы шоттар

бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

6250 01-шоттың нөмірі, аты және сипаттамасы алып тасталсын;

6150 02-шоттың аты және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6250 02 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер".

Мақсаты: шетел валютасын оң қайта бағалау (бағамдық айырмасының) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша шетел валютасын оң қайта бағалау (бағамдық айырмасының) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

6280 01-шоттың аты және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6280 01 "Тазартылған бағалы металдарды сатудан түскен кірістер".

Мақсаты: ұйымның тазартылған бағалы металдарды сатудан түскен кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның тазартылған бағалы металдарды сатудан түскен кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

6280 03 және 6280 04-шоттардың нөмірлері, аттары және сипаттамалары алып тасталсын;

6280 05 және 6280 06-шоттардың аттары және сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"6280 05 "Тазартылған бағалы металдарды қайта бағалаудан түскен кірістер".

Мақсаты: тазартылған бағалы металдарды оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша тазартылған бағалы металдарды оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6280 06 "Басқа да қайта бағалаудан түскен кірістер".

Мақсаты: басқа да активтерді оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да активтерді оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

6280 09-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 6280 41-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"6280 41 "Брокерлік қызметтен түскен басқа да кірістер".

Мақсаты: сақтандыру брокерлерінің брокерлік қызметтен түскен басқа да кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сақтандыру брокерінің брокерлік қызметтен түскен басқа да кірістерінің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

6290 01, 6290 02, 6290 03, 6290 04, 6290 05, 6290 07 және 6290 08-шоттардың нөмірі , атауы және сипаттамасы алып тасталсын;

7310 25-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 7310 26-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"7310 26 "Тартылған жинақ салымдары бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар".

Мақсаты: ұйымның банктік салым шарты бойынша қабылдаған клиенттерінің жинақ салымдары бойынша сыйақы түріндегі шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның банктік салым шарты бойынша қабылдаған клиенттерінің жинақ салымдары бойынша сыйақы түріндегі сомалар жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

7340-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 7350-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"7350 "Жалдау міндеттемелері бойынша пайыздық шығыстар"

Мақсаты: жалдау міндеттемелеріне байланысты пайыздық шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша жалдау міндеттемелеріне байланысты пайыздық шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

7430 01-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын;

7430 02-шоттың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7430 02 "Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстар".

Мақсаты: шетел валютасын қайта бағалау нәтижесінде теріс бағамдық айырма сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша шетел валютасын қайта бағалау нәтижесінде теріс бағамдық айырма сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

7440 24-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 7440 25-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"7440 25 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру шығыстары".

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

7470 01-шоттың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7470 01 "Тазартылған бағалы металдардың баланстық құны".

Мақсаты: тазартылған бағалы металдардың баланстық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша тазартылған бағалы металдардың баланстық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша шығыстарды счет №5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

7470 03-шоттың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7470 03 "Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың құнын өзгертуден болған шығыстар".

Мақсаты: өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздарды теріс қайта бағалау түріндегі шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін, әділ құн бойынша есепке алынатын бағалы қағаздарды теріс қайта бағалау түріндегі шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

7470 04 және 7470 05-шоттардың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын;

7470 06, 7470 07 және 7470 08-шоттардың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7470 06 "Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар бойынша шығыстар".

Мақсаты: басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, борыштық бағалы қағаздарды есептен шығару және (немесе) қайта жіктеу кезінде шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын, борыштық бағалы қағаздарды есептен шығару және (немесе) қайта жіктеу кезінде шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

7470 07 "Тазартылған бағалы металдарды қайта бағалаудан болған шығыстар".

Мақсаты: тазартылған бағалы металдарды теріс қайта бағалаудан болған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша тазартылған бағалы металдарды теріс қайта бағалаудан болған шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

7470 08 "Басқа да қайта бағалаудан болған шығыстар".

Мақсаты: ұйымның басқа да активтерін қайта бағалаудан болған шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның басқа да активтерін қайта бағалаудан болған шығыстарының сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

7480 01, 7480 02, 7480 03, 7480 04, 7480 05, 7480 07 және 7480 08-шоттардың нөмірі , атауы және сипаттамасы алып тасталсын;

7490-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 7490 01, 7490 02, 7490 03, 7490 04 және 7490 05-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"7490 01 "Пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтардың және активтердің амортизациясы бойынша шығыстар".

Мақсаты: негізгі құрал-жабдықтарды және пайдалану құқығы нысанындағы активтерді амортизациялау бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша негізгі құрал-жабдықтарды және пайдалану құқығы нысанындағы активтерді амортизациялау бойынша шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша негізгі құрал-жабдықтарды және пайдалану құқығы нысанындағы активтерді амортизациялау бойынша шығыстардың сомалары есептен шығарылады.

7490 02 "Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындардың амортизациясы бойынша шығыстар".

Мақсаты: пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындарды амортизациялау бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындарды амортизациялау бойынша шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындарды амортизациялау бойынша шығыстардың сомалары есептен шығару жазылады.

7490 03 "Жылжымайтын мүлікке инвестициялардың амортизациясы бойынша шығыстар".

Мақсаты: инвестицияларды мүлікке амортизациялау бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша инвестицияларды мүлікке амортизациялау бойынша шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша инвестицияларды мүлікке амортизациялау бойынша шығыстардың сомалары есептен шығару жазылады.

7490 04 "Барлау және бағалау активтерінің амортизациясы бойынша шығыстар".

Мақсаты: барлау және бағалау активтерінің амортизациясы бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша барлау және бағалау активтерінің амортизациясы бойынша шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша барлау және бағалау активтерінің амортизациясы бойынша шығыстардың сомалары есептен шығару жазылады.

7490 05 "Басқа да материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстар".

Мақсаты: басқа да материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстардың сомалары есептен шығару жазылады.";

4-параграфта:

1810 01-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: клиенттің есепті кезеңдегі таза активтерінің сомаларын есепке алу (түпкілікті қаржылық нәтиже).

Шоттың кредиті бойынша ұйымның есепті кезеңдегі кірістерінің сомасы № 1830 тиісті шоттар тобын жабу кезінде жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның есепті кезеңдегі шығыстарының сомасы № 1840 тиісті шоттар тобын жабу кезінде жазылады.";

1830 01-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: инвестициялық басқару үшін клиенттен түскен және ұйым қабылдаған активтердің құнын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша инвестициялық басқару үшін клиенттен түскен және ұйым қабылдаған активтердің құны жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиенттің активтерінің құны № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.";

1830 02-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: бағалы қағаздар, салымдар және өзге активтер бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздар, салымдар және өзге активтер бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомалары № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.";

1830 03-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: ұйымның активтерді сатып алу-сатудан түскен кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның активтерді сатып алу-сатудан түскен кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кіріс сомалары № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.";

1830 04 және 1830 05-шоттардың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1830 04 "Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен кірістер".

Мақсаты: әділ құны бойынша есепке алынатын активтердің оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша есепке алынатын активтердің оң қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қайта бағалау сомалары № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.

1830 05 "Бағамдық айырма бойынша кірістер".

Мақсаты: оң бағамдық қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша оң бағамдық қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қайта бағалау сомасы № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.";

1830 06 және 1830 07-шоттардың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын;

1830 08-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: ұйым алған және № 1830 01 – 1830 05 аралығындағы шоттарға есепке алынбаған басқа да кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның басқа кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған кірістердің сомасы № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.";

1830 09-шоттың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1830 09 "Туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді қайта бағалаудан болған кірістер".

Мақсаты: туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қайта бағалау сомасы № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.";

1830 10-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын;

1840 01-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: клиент активтерінің құнын ұйым инвестициялық басқару мақсатында оларды алуы және/немесе орналастыруы кезінде есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиент активтерінің құны оларды есептен алу кезінде жазылады.

Шоттың кредиті бойынша клиенттің активтерінің құны № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.";

1840 02-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: ұйымның бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары көрсеткен қызмет үшін комиссиялық шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары көрсеткен қызмет үшін комиссиялық шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыс сомалары № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.";

1840 03-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: ұйымның активтерді сатып алуға-сатуға байланысты шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның активтерді сатып алуға-сатуға байланысты шығыстарының сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыс сомалары № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.";

1840 04 және 1840 05-шоттардың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1840 04 "Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған шығыстар".

Мақсаты: активтерді әділ құны бойынша теріс қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша активтерді әділ құны бойынша теріс қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қайта бағалау сомасы № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.

1840 05 "Бағамдық айырма бойынша шығыстар".

Мақсаты: теріс бағамдық қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша теріс бағамдық қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша теріс бағамдық қайта бағалау сомалары № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.";

1840 06 және 1840 07-шоттардың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын;

1840 08-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: ұйымның 10-сыныптағы басқа да баланстан тыс шоттары бойынша жүргізілмейтін қаржы және қаржылық емес қызметтегі басқа да операцияларын жүзеге асыруға байланысты шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның басқа да шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыс сомалары № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.";

1840 09-шоттың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1840 09 "Туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді қайта бағалаудан болған шығыстар".

Мақсаты: туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді теріс қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қайта бағалау сомалары № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.";

1840 10-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын.

2. "Инвестициялық портфельді басқарушылардың, бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыра лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 1 ақпандағы № 4 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6090 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық портфельді басқарушылардың, бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыра лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының бухгалтерлік есепті жүргізуі жөніндегі нұсқаулықта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі, "Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарына, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді және:

клиенттердің инвестициялық басқарудағы активтерінің инвестициялық портфельін басқарушылардың және "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыра лицензиясы бар және сақтандырушының инвестицияларына сақтанушының қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасауды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының (бұдан әрі - ұйым);

бағалы қағаздар нарығында брокерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі - брокер) брокерлік қызметтер көрсету туралы шарт бойынша клиенттерден алынған активтердің бухгалтерлік есебін жүргізуін нақтылайды.";

5-4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5-4. Шетел валютасындағы ақшаны қайта бағалау күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта бағалаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы оң бағамдық айырма сомасына ұлғайған кезде:

Дт	1800 01	Ақша (шетел валютасымен)
Кт	1830 05	Бағамдық айырма бойынша кірістер;

2) валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы теріс бағамдық айырма сомасына азайған кезде:

Дт	1840 05	Бағамдық айырма бойынша шығыстар
Кт	1800 01	Ақша (шетел валютасымен).";

5-5-тармақ алып тасталсын;

9-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9-1. Шетел валютасындағы салымдарды қайта бағалау күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта бағалаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы оң бағамдық айырма сомасына ұлғайған кезде:

Дт	1800 04	Орналастырылған салымдар
Кт	1830 05	Бағамдық айырма бойынша кірістер;

2) валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы теріс бағамдық айырма сомасына азайған кезде:

Дт	1840 05	Бағамдық айырма бойынша шығыстар
Кт	1800 04	Орналастырылған салымдар.";

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Жарияланған сыйақы және сыйлықақы амортизациясы немесе дисконт (жеңілдік) есептелгеннен кейін осы Нұсқаулықтың 11 және 12-тармақтарына сәйкес сатып алынған бағалы қағаздарға әділ құны бойынша және ұйымның есеп саясаты белгілеген кезеңдікпен қайта бағалау жүргізіледі және мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) бағалы қағаздардың әділ құны олардың есептік құнынан асып кеткен кезде:

Дт	1800 03	Бағалы қағаздар
Кт	1830 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен кірістер;

2) бағалы қағаздардың есептік құны олардың әділ құнынан асып кеткен кезде:

Дт	1840 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған шығыстар
Кт	1800 03	Бағалы қағаздар.

14. Құны шетел валютасымен көрсетілген, сатып алынған бағалы қағаздарды (үлестік бағалы қағаздарды қоспағанда) қайта бағалау күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы ұлғайған кезде:

оң бағамдық айырма сомасына:

Дт	1800 03	Бағалы қағаздар (Бағалы қағаздар бойынша сыйлықақының номиналдық құнын және сомасын есепке алу үшін жекелеген қосалқы шот)
	1800 11	Сыйақы
Кт	1830 05	Бағамдық айырма бойынша кірістер;

теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт	1840 05	Бағамдық айырма бойынша шығыстар
Кт	1800 03	Бағалы қағаздар (Бағалы қағаздар бойынша дисконт (жеңілдік) сомасын есепке алу үшін жекелеген қосалқы шот);

2) валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы азайған кезде:

теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт	1840 05	Бағамдық айырма бойынша шығыстар
	1800 03	Бағалы қағаздар (Бағалы қағаздар бойынша сыйлықақының номиналдық құнын және сомасын есепке алу үшін жекелеген қосалқы шот)
	1800 11	Сыйақы

және, бірмезгілде, оң бағамдық айырма сомасына:

Дт	1800 03	Бағалы қағаздар (бағалы қағаздар бойынша дисконт (жеңілдік) сомасын есепке алу үшін жекелеген қосалқы шот)
Кт	1830 05	Бағамдық айырма бойынша кірістер.";

16-тармақтың 4), 5), 6) және 7) тармақшалары алып тасталсын;

19-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) туынды қаржы құралының әділ құнының оң өзгеру сомасына:

Дт	1800 12	Басқа да талаптар
Кт	1830 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен кірістер;

2) туынды қаржы құралының әділ құнының теріс өзгеру сомасына:

Дт	1840 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған шығыстар
Кт	1820 02	Басқа да міндеттемелер (туынды қаржы құралының құнын есепке алу үшін жекелеген қосалқы шоттар);"

21-тармақтың 5) және 6) тармақшалары алып тасталсын;

26 және 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Сатып алынған тазартылған бағалы металдарды әділ құны бойынша қайта бағалау сомасына қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) тазартылған бағалы металдардың құны ұлғайған кезде:

Дт	1800 02	Тазартылған бағалы металдар
Кт	1830 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен кірістер;

2) тазартылған бағалы металдардың құны азайған кезде:

Дт	1840 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған шығыстар
Кт	1800 02	Тазартылған бағалы металдар.

27. Тазартылған бағалы металдарды әділ құны бойынша қайта бағаланғаннан кейін оларды сату кезінде осы Нұсқаулықтың 26-тармағына сәйкес мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) тазартылған бағалы металдардың сату бағасы бойынша:

Дт	1800 01	Ақша
Кт	1830 03	Сатып алу–сатудан түскен кірістер;

2) тазартылған бағалы металдардың есептік құнына:

Дт	1840 03	Сатып алу–сатудан болған шығыстар
Кт	1800 02	Тазартылған бағалы металдар.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді әділ құны бойынша қайта бағалау кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтердің әділ құны олардың есептік құнынан асып кеткен кезде:

Дт	1800 06	Материалдық емес активтер
	1800 07	Негізгі құрал-жабдықтар
Кт	1830 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен кірістер;

2) негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтердің есептік құны олардың әділ құнынан асып кеткен кезде:

--	--	--

Дт	1840 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған шығыстар
Кт	1800 06	Материалдық емес активтер
	1800 07	Негізгі құрал-жабдықтар.";

32-тармақтың 3) және 4) тармақшалары алып тасталсын;

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Есепті кезеңнің соңында клиенттің активтерін инвестициялық басқарудың тиімділігіне талдау жүргізу мақсатында мынадай бухгалтерлік жазбаларды жүзеге асыру арқылы есепті кезең үшін түпкілікті қаржы нәтижесін қалыптастыру бойынша ақпарат жинақтау жүргізіледі:

клиенттің активтерімен операциялар бойынша есептелген кірістер сомасына:

Дт	1830 01	Клиенттерден активтердің түсуі
	1830 02	Сыйақы (дивиденд) түріндегі кірістер
	1830 03	Сатып алу–сатудан түскен кірістер
	1830 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен кірістер
	1830 05	Бағамдық айырма бойынша кірістер
	1830 08	Басқа да кірістер
Кт	1810 01	Капитал;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөніндегі нұсқаулық";

осы қаулыға 1-қосымшамен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, өзара сақтандыру қоғамдарына және сақтандыру брокерлеріне арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспарында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және өзара сақтандыру қоғамдарына арналған бухгалтерлік есептің үлгі шот жоспары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына және өзара сақтандыру қоғамдарына арналған бухгалтерлік есептің осы үлгі шот жоспары (бұдан әрі – Шоттар жоспары) "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және өзара сақтандыру қоғамдарының (бұдан әрі – ұйымдар) қаржылық есептілік элементтерін топтастыру және қаржылық есептілікті жасау үшін бухгалтерлік есеп шоттарында құндық көрсеткішпен ағымдағы көрсетуге арналған.";

2-тарауда:

1-параграфта:

1050-шоттың нөмірі және аты алып тасталсын;

шоттар атауы 1120, 1120 01, 1120 02, 1120 03, 1120 04 және 1120 05 мынадай

редакцияда жазылсын:

" 1120	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
1120 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
1120 02	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
1120 03	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
1120 04	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
1120 05	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету";

1150 05 шотынан кейін мынадай мазмұндағы 1150 06 шотпен толықтырылсын:

" 1150 06	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымдары (бір жылға дейінгі)";
-----------------	---

1150 07 және 1150 08-шоттардың нөмірлері мен атаулары алып тасталсын;

1270 29 шотынан кейін мынадай мазмұндағы 1270 30 шотпен толықтырылсын:

" 1270 30	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер";
-----------------	---

1270 43-шоттың нөмірі және атауы алып тасталсын;

1290 24-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 1290 25-шотпен толықтырылсын:

" 1290 25	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша резервтер (провизиялар)";
-----------------	--

1360 шотынан кейін мынадай мазмұндағы 1370 және 1380 шоттарымен

толықтырылсын:

"1370	Тазартылған бағалы металдар
1380	Жолдағы тазартылған бағалы металдар";

2-параграфта:

2040 02 шотынан кейін мынадай мазмұндағы 2040 03 шотпен толықтырылсын:

"2040 03	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдар";
-------------	---

2040 04-шоттың нөмірі мен атауы алып тасталсын;

2170 03 шотынан кейін мынадай мазмұндағы 2170 22 шотпен толықтырылсын:

" 2170 22	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер";
-----------------	--

2430 шотынан кейін мынадай мазмұндағы 2440, 2450, 2460 және 2470 шоттармен

ТОЛЫҚТЫРЫЛСЫН:

"2440	Пайдалану құқығы нысанындағы активтер
2450	Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша есептелген амортизация
2460	Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындар
2470	Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындар бойынша есептелген амортизация";

3-параграфта:

3380 02 шотынан кейін мынадай мазмұндағы 3380 24 шотпен толықтырылсын:

"3380 24	Жалдау бойынша міндеттемелер бойынша есептелген пайыздық шығыстар";
----------	---

4-параграфта:

4150-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"4150	Жалдау бойынша міндеттемелер";
-------	--------------------------------

5-параграфта:

5420-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"5420	Пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтарды және активтерді қайта бағалау резерві
-------	--

6-параграфта:

6110 34 шотынан кейін мынадай мазмұндағы 6110 35 шотпен толықтырылсын:

"6110 35	Жинақ салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер";
----------	--

6110 42-шоттың нөмірі және атауы алып тасталсын;

6150 01-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"6150 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен кірістер";
----------	---

6150 02-шоттың нөмірі және атауы алып тасталсын;

6150 03 және 6150 04 шоттардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

"6150 03	Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша кірістер
6150 04	Басқа да қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруінен түскен кірістер";

6240 03-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 6240 04-шотпен толықтырылсын:

" 6240 04	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер";
-----------	---

6250 01-шоттың нөмірі және атауы алып тасталсын;

6250 02-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер";
----------	--

6280 01-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"6280 01	Тазартылған бағалы металдарды сатудан түскен кірістер";
----------	---

6280 03 және 6280 04 шоттардың нөмірлері мен атаулары алып тасталсын;

6280 05 және 6280 06 шоттардың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"6280 05	Тазартылған бағалы металдарды қайта бағалаудан түскен кірістер
6280 06	Басқа да қайта бағалаудан түскен кірістер";

шоттардың нөмірлері мен атаулары 6290 01, 6290 02, 6290 03, 6290 04, 6290 05, 6290 07 және 6290 08 алып тасталсын;

7-параграфта:

7340 шотынан кейін мынадай мазмұндағы 7350 шотпен толықтырылсын:

"7350	Жалдау бойынша міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар";
-------	--

7430 01-шоттың нөмірі мен атауы алып тасталсын;

7430 02-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстар";
----------	--

7440 03-шоттан кейін мынадай мазмұндағы 7440 04-шотпен толықтырылсын:

"7440 04	Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша резервтер (провизиялар) қалыптастыру бойынша шығыстар";
----------	--

7470 01-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"7470 01	Тазартылған бағалы металдардың баланстық құны";
----------	---

7470 03 шот атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"7470 03	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған шығыстар";
----------	---

7470 04 және 7470 05-шоттардың нөмірлері мен атаулары алып тасталсын;

7470 06, 7470 07 және 7470 08-шоттардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

"7470 06	Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша шығыстар
7470 07	Тазартылған бағалы металдарды қайта бағалаудан шығыстар
7470 08	Басқа да қайта бағалаудан болған шығыстар";

шоттардың нөмірлері мен атаулары 7480 01, 7480 02, 7480 03, 7480 04, 7480 05, 7480 07 және 7480 08 алып тасталсын;

7480 14 шоттан кейін мынадай мазмұндағы 7490, 7490 01, 7490 02, 7490 03, 7490 04 және 7490 05 шоттармен толықтырылсын:

"7490	Амортизациялық шығыстар
7490 01	Пайдалану құқығы түріндегі негізгі құралдар мен активтердің амортизациясы бойынша шығыстар
7490 02	Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша күрделі шығындардың амортизациясы бойынша шығыстар
7490 03	Жылжымайтын мүлікке инвестициялардың амортизациясы бойынша шығыстар
7490 04	Барлау және бағалау активтерінің амортизациясы бойынша шығыстар
7490 05	Басқа да материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстар";

10-параграфта:

1830 04 және 1830 05-шоттардың атаулары мынадай редакцияда жазылсын:

"1830 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан кірістер
1830 05	Бағамдық айырма бойынша кірістер";

1830 06 және 1830 07-шоттардың нөмірлері мен атаулары алып тасталсын;

1830 09-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1830 09	Туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді қайта бағалаудан болған кіріс";
----------	---

1830 10-шоттың нөмірі мен атауы алып тасталсын;

1840 04 және 1840 05-шоттарының аттары мынадай редакцияда жазылсын:

"1840 04	Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған шығыстар
----------	---

1840 05	Бағамдық айырма бойынша шығыстар";
---------	------------------------------------

1840 06 және 1840 07-шоттардың нөмірлері мен атаулары алып тасталсын;

1840 09-шоттың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"1840 09	Туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді қайта бағалаудан болған шығыс";
----------	---

1840 10-шоттың нөмірі мен атаулары алып тасталсын;

3-тарауда:

1-параграфта:

1050-шоттың нөмірі, аты және сипаттамасы алып тасталсын;

1110 23-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: қарызды өтеу сомасының нақты берілген қысқа мерзімді қарыздың сомасынан асып кету түріндегі дисконттың сомаларын (мәміле бойынша шығындарды қосқанда), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес пайыздық мөлшерлемесі бойынша қысқа мерзімді қарыз беруге байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қарызды өтеу сомасының нақты берілген қысқа мерзімді қарыздың сомасынан асып кету түрінде дисконттың сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес пайыз мөлшерлемесі бойынша қысқа мерзімді қарыз беруге байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша берілген қысқа мерзімді қарыз бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.";

1110 24-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: нақты берілген қысқа мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша шығындарды қосқанда) қарызды өтеу сомасынан (сыйлықақы) асып кету сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша нақты берілген қысқа мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша шығындарды қосқанда) қарызды өтеу сомасынан (сыйлықақы) асып кету сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген қысқа мерзімді қарыз бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақы есептен шығару жазылады";

шоттардың атауы мен сипаттамасы 1120 01, 1120 02, 1120 03, 1120 04 және 1120 05 мынадай редакцияда жазылсын:

"1120 01 "Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері" (актив).

Мақсаты: одан әрі өткізу және кіріс алу мақсатында сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активінің номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қысқа мерзімді қаржы активі өткізілген, басқа санатқа ауыстырылған, сондай-ақ төлем мерзімі өтіп кеткен кезде оның номиналдық құнын есептен шығару жазылады.

1120 02 "Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт" (контракттив).

Мақсаты: өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан (дисконт) асып кету сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес пайыз мөлшерлемесі бойынша қысқа мерзімді қаржы активтерін сатып алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активінің номиналдық құнының оны сатып алу құнынан (дисконт) асып кету сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес пайыз мөлшерлемесі бойынша қысқа мерзімді қаржы активін сатып алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активі бойынша амортизация сомасы және (немесе)дисконт есептен шығару жазылады.

1120 03 "Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы" (актив).

Мақсаты: өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтің сатып алу құны оның номиналдық құнынан (сыйлықақы) асып кету сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активін сатып алу құнының оның номиналдық құнынан (сыйлықақы) асып кету сомасы, тиімді

пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтің сатып алу бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.

1120 04 "Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету" (актив).

Мақсаты: өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активінің әділ құнын оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активінің әділ құнын оң түзету сомаларын есептен шығару жазылады.

1120 05 "Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету" (контракттив).

Мақсаты: өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активінің әділ құнын теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активінің әділ құнын теріс түзету сомаларын есептен шығару жазылады.";

1130 02-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: өтеуге дейін ұсталатын инвестициялардың номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомаларын (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзетулер сомаларын , нарықтық емес мөлшерлеме бойынша инвестицияларды сатып алуға байланысты түзетулер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша өтеуге дейін ұсталатын инвестициялардың номиналдық құнының оны сатып алу құнынан асып кету сомасы (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты

түзетулер сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша инвестицияларды сатып алуға байланысты түзетулер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша өтелгенге дейін ұсталатын сатып алынған инвестициялар бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.";

1130 03-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: өтеуге дейін ұсталатын инвестициялардың сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып кету сомаларын (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзетулер сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өтеуге дейін ұсталатын инвестициялардың сатып алу құнының оның номиналдық құнынан (сыйлықақы) асып кету сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзетулер сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша өтелгенге дейін ұсталатын сатып алынған инвестициялар бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.";

1140 02-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялардың номиналдық құнының оларды сатып алу құнынан асып кету сомаларын (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзетулер сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржылық инвестицияларды сатып алуға байланысты түзетулер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың номиналдық құнының оны сатып алу құнынан асып кету сомасы (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзетулер сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қаржылық инвестицияларды сатып алуға байланысты түзетулер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша амортизация сомасы және (немесе) дисконтты есептен шығару жазылады.";

1140 03-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияларды сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асып кету сомаларын (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзетулер сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияларды сатып алу құнының оның номиналдық құнынан асып кету сомасы (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзетулер сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша амортизация сомасы және (немесе) сыйлықақыны есептен шығару жазылады.";

1140 04-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияларды сатып алу бойынша біржолғы шығындардың сомаларын және осы қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияларды сатып алу бойынша біржолғы шығындардың сомасы және осы қаржы инвестициясының әділ құнын оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету сомаларын есептен шығару жазылады.";

1140 05-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: сату үшін қолда бар қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияның әділ құнын теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар қаржылық инвестицияның әділ құнын теріс түзету сомаларын есептен шығару жазылады.";

1150 05-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1150 06-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"1150 06 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымдары (бір жылға дейінгі)" (актив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда бір жылға дейінгі мерзімге орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымдарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымның сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымның сомалары есептен шығару жазылады.";

1150 07 және 1150 08-шоттардың нөмірлері, атаулары және сипаттамалары алынып тасталсын;

1270 29-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1270 30-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"1270 30 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер" (актив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымдары бойынша сыйақы түрінде ұйымның есептелген кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымы бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған қысқа мерзімді жинақ салымы бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістердің сомаларын олар төленген кезде немесе екінші деңгейдегі банк не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлеу мерзімін өткізіп алған кезде есептен шығару жазылады.";

1270 43-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы алынып тасталсын;

1280 21-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: "Жалдау" 16-халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IFRS) сәйкес қаржылық жалдау құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша "Жалдау" 16-халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IFRS) сәйкес жалдау құнын тану және түзету жазылады.

Шоттың кредиті бойынша "Жалдау" 16-халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IFRS) сәйкес жалдау құнын есептен шығару жазылады.";

1290 24-шоттың сипаттамасынан кейін 1290 25-шоттың мынадай мазмұндағы нөмірімен, атымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"1290 25 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша резервтер" (провизиялар) (контрактив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік залалдар бойынша бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша күтілетін және орын алған кредиттік залалдар бойынша бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша құрылған бағалау резервтерінің (провизиялардың) сомаларын есептен шығару жазылады.";

1360-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 1370 және 1380 шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"1370 "Тазартылған бағалы металдар" (актив).

Мақсаты: тазартылған бағалы металдардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша тазартылған бағалы металдардың құны, сондай-ақ оларды оң қайта бағалау жазылады.

Шоттың кредиті бойынша тазартылған бағалы металдардың құнын олар баланстан шығынға жазылған, сондай-ақ олар теріс қайта бағаланған кезде есептен шығару жазылады.

1380 "Жолдағы тазартылған бағалы металдар" (актив).

Мақсаты: жолдағы тазартылған бағалы металдардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша жолдағы тазартылған бағалы металдардың құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алушыдан тазартылған бағалы металдарды немесе аванстық есепті алғаны туралы растама алғаннан кейін тазартылған бағалы металдардың құнын есептен шығару жазылады.";

2010 22-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: қарыздың өтелетін сомасының нақты берілген ұзақ мерзімді қарыз сомасынан асатын түрдегі дисконт сомаларын (мәміле бойынша залалдарды қоса алғанда), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, пайыздың нарықтық емес мөлшерлеме бойынша ұзақ мерзімді қарыз беруге байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қарыздың өтелетін сомасының нақты берілген ұзақ мерзімді қарыздың сомасынан асатын түрдегі дисконт сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомалары, пайыздың нарықтық емес мөлшерлемесі бойынша ұзақ мерзімді қарыз беруге байланысты түзету сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша берілген ұзақ мерзімді қарыз бойынша дисконт амортизациясының сомасы және (немесе) есептен шығару жазылады.";

2010 23-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: нақты берілген ұзақ мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда) қарыздың өтелетін сомасынан асатын түріндегі сыйлықақы сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша нақты берілген ұзақ мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда) қарыздың өтелетін сомасынан асатын түріндегі сыйлықақы сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген ұзақ мерзімді қарыз бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы және (немесе) есептен шығару жазылады.";

2020 02-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: өтелгенге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялардың номиналдық құнының олардың сатып алу құнынан асатын сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме

әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша ұзақ мерзімді инвестицияларды сатып алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша өтелгенге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялардың номиналдық құнының олардың сатып алу құнынан асатын сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша ұзақ мерзімді инвестицияларды сатып алуға байланысты түзету сомасы жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша өтелгенге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша дисконт амортизациясының сомасы және (немесе) есептен шығару жазылады.";

2020 03-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: өтелгенге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестицияларды сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша өтелгенге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестицияларды сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы жазылады (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша өтелгенге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы және (немесе) есептен шығару жазылады.";

2030 02-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың номиналдық құнының олардың сатып алу құнынан асатын сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияларды сатып алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың номиналдық құнының олардың сатып алу құнынан асатын сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияларды сатып алуға байланысты түзету сомасы жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша дисконт амортизациясының сомасы және (немесе) есептен шығару жазылады.";

2030 03-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың сатып алу құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың номиналдық құнының олардың сатып алу құнынан асатын сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы жазылады (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша дисконт амортизациясының сомасы және (немесе) есептен шығару жазылады.";

2030 04-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияларды сатып алу бойынша біржолғы шығындар сомасын және осы қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестицияларды сатып алу бойынша біржолғы шығындар сомасы және осы қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын оң түзету сомасын есептен шығару жазылады .";

2030 05-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың әділ құнын теріс түзету сомасын есептен шығару жазылады.";

2040 02-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 2040 03-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2040 03 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдар (актив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдар сомасын есептен шығару жазылады.";

2040 04-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын;

2170 03-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 2170 22-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"2170 22 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер (актив).

Мақсаты: ұйымдардың екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістерінің сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың төлеуі немесе төлем мерзімін кешіктіруі кезінде, орналастырылған ұзақ мерзімді жинақ салымдар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер сомасын есептен шығару жазылады.";

2430-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 2440, 2450, 2460 және 2470-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"2440 "Пайдалану құқығы нысанындағы активтер" (актив).

Мақсаты: жалға алынған негізгі қаражат бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша жалға алынған негізгі қаражат бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер құны, жалдау бойынша міндеттемелер қайта бағаланған жағдайда актив құнын түзету сомасы, жалдау шартының талаптары өзгерген кезде құнды түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қолданыстағы жалдау мерзімі өткен кезде, құнсыздану кезінде, жалдау бойынша міндеттемелер қайта бағаланған жағдайда құнды түзету кезінде, жалдау шартының талаптарының өзгеруіне байланысты құнды түзету кезінде жалға алынған негізгі қаражат бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнын есептен шығару жазылады.

2450 "Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша есептелген амортизация" (контрактив).

Мақсаты: жалға алынған негізгі қаражат бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша есептелген амортизация сомасын есепке алу (контрактив).

Шоттың кредиті бойынша жалға алынған негізгі қаражат бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша есептелген амортизация сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жалға алынған негізгі қаражат бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша есептелген амортизация сомаларын есептен шығару жазылады.

2460 "Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша капиталдық шығындар (актив).

Мақсаты: жалға алынған негізгі қаражат бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша капиталдық шығындар құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша жалға алынған негізгі қаражат бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша капиталдық шығындар құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жалға алынған негізгі қаражат бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша жүргізілген капиталдық шығындар құнын есептен шығару жазылады.

2470 "Пайдалану құқығы нысанындағы активтер бойынша капиталдық шығындар бойынша есептелген амортизация (контрактив).

Мақсаты: жалға алынған негізгі қаражат бойынша келтірілген капиталдық шығындар бойынша есептелген амортизация сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жалға алынған негізгі қаражат бойынша келтірілген капиталдық шығындар бойынша есептелген амортизация сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жалға алынған негізгі қаражат бойынша келтірілген капиталдық шығындар бойынша есептелген амортизация сомаларын есептен шығару жазылады.";

3050 05-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

Мақсаты: нақты алынған қысқа мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша шығындарды ескере отырып) өтелетін қарыз сомасынан (сыйлықақы) асатын сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша нақты алынған қысқа мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша шығындарды ескере отырып) өтелетін қарыз сомасынан (сыйлықақы) асатын сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді қарыз бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы және (немесе) есептен шығару жазылады.";

3050 06-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Алынған қысқа мерзімді қарыздар бойынша дисконт" (контрпассив).

Мақсаты: өтелетін қарыз сомасының нақты алынған қысқа мерзімді қарыз сомасынан (мәміле бойынша шығындарды ескере отырып) (дисконт) асатын сомаларын, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қысқа мерзімді қарыз алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өтелетін қарыз сомасының нақты алынған қысқа мерзімді қарыз сомасынан (мәміле бойынша шығындарды ескере отырып) (дисконт) асатын сомасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша қысқа мерзімді қарыз алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алынған қысқа мерзімді қарыз бойынша дисконт амортизациясының сомасы және (немесе) оны есептен шығару жазылады.";

3380 02-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 3380 24-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"3380 24 Жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша есептелген пайыздық шығыстар (пассив).

Мақсаты: жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша есептелген пайыздық шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша міндеттемелер бойынша есептелген пайыздық шығыстар сомасын есептен шығару жазылады.";

4030 08-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың номиналдық құнының олардың орналастырылу құнынан асатын сомаларын (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша бағалы қағаздарды айналысқа шығаруға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздардың номиналдық құнының олардың орналастырылу құнынан асатын сомасы (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша бағалы қағаздарды айналысқа шығаруға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясының сомасы және (немесе) есептен шығару жазылады.";

4030 09-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: айналысқа шығарылған бағалы қағаздарды орналастыру құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомаларын (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздарды орналастыру құнының олардың номиналдық құнынан асатын сомасы (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы және (немесе) есептен шығару жазылады.";

4030 11-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: нақты алынған ұзақ мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) өтелетін қарыз сомасынан асатын сомаларын (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша нақты алынған ұзақ мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) өтелетін қарыз сомасынан асатын сомасы (сыйлықақы), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған ұзақ мерзімді қарыз бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы және (немесе) есептен шығару жазылады.";

4030 12-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: өтелетін қарыз сомасының нақты алынған ұзақ мерзімді қарыз сомасынан (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) асатын сомаларын (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомаларын, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша ұзақ мерзімді қарыз алуға байланысты түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өтелетін қарыз сомасының нақты алынған ұзақ мерзімді қарыз сомасынан (мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып) асатын сомасы (дисконт), тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, пайыздық кірістерді тануға байланысты түзету сомасы, нарықтық емес мөлшерлеме бойынша ұзақ мерзімді қарыз алуға байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алынған ұзақ мерзімді қарыз сомасы бойынша дисконт амортизациясының сомасы және (немесе) есептен шығару жазылады.";

4150-шоттың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4150 "Жалдау бойынша міндеттемелер (пассив).

Мақсаты: жалдау бойынша міндеттемелер құнын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жалдау төлемдерінің келтірілген құны, жалдау бойынша міндеттемелер құнын түзету сомасы, жалдау шарты талаптарының өзгеруіне байланысты түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жалдау бойынша міндеттемелер құнын түзету сомасы, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалау, жалдау шарты талаптарының өзгеруіне байланысты жалдау бойынша міндеттемелер құнын түзету сомасы, жалдау бойынша міндеттемелер сомасын өтеу кезінде оларды есептен шығару жазылады.";

5420-шоттың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5420 Пайдалану құқығы нысанындағы негізгі құрал-жабдықтарды және активтерді қайта бағалау резерві (пассив).

Мақсаты: пайдалану құқығы нысанында негізгі құрал-жабдықтар мен активтердің әділ құнын қайта бағалау нәтижесінде пайда болған оларды қайта бағалау сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша пайдалану құқығы нысанында негізгі құрал-жабдықтар мен активтердің әділ құны ұлғайған кезде оларды қайта бағалаудан болған оң айырманың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша пайдалану құқығы нысанында негізгі құрал-жабдықтар мен активтердің әділ құны кеміген кезде оларды қайта бағалаудан болған теріс айырманың сомасы, сондай-ақ пайдалану құқығы нысанында негізгі құрал-жабдықтар мен активтердің пайдаланылуына қарай немесе оларды шығынға жазу кезінде пайдалану құқығы нысанында негізгі құрал-жабдықтар мен активтерді оң қайта бағалауды № 5520 баланстық шотына есептен шығару жазылады.";

6110 34-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 6110 35-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"6110 35 Жинақ салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер".

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған жинақ салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер сомасын есепке алу

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған жинақ салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістер сомасын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.";

6110 42-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын.

6150 01 -шоттың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6150 01 "Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша ескерілетін бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған кірістер".

Мақсаты: өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша ескерілетін бағалы қағаздарды оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша ескерілетін бағалы қағаздарды оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған кірістер сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

6150 02-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын.

6150 03 және 6150 04-шоттардың атаулары және сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

6150 03 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша кірістер".

Мақсаты: шығынға жазу және (немесе) қайта жіктеу кезінде сату үшін қолда бар бағалы қағаздарды оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сату үшін қолда бар бағалы қағаздарды оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған кірістер сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6150 04 "Басқа қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруінен түскен кірістер".

Мақсаты: басқа қаржы құралдарын оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа қаржы құралдарын оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістер сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

6240 03-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 6240 04-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"6240 04 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер".

Мақсаты: екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша құрылған қалпына келтірілген (жойылған) резервтердің (провизиялардың) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалпына келтіруден (жоюдан) түскен кірістер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

6250 01-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын.

6250 02-шоттың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6250 02 "Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер".

Мақсаты: шетел валютасын оң қайта бағалау (бағам айырмасы) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша шетел валютасын оң қайта бағалау (бағам айырмасы) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6280 01-шоттың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6280 01 "Тазартылған қымбат металдарды сатудан кірістер".

Мақсаты: ұйымның тазартылған қымбат металдарды сатудан түскен кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның тазартылған қымбат металдарды сатудан түскен кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6280 03 және 6280 04-шоттардың нөмірлері, атаулары және сипаттамалары алып тасталсын.

6280 05 және 6280 06-шоттардың атаулары және сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"6280 05 "Тазартылған қымбат металдарды қайта бағалаудан түскен кірістер".

Мақсаты: тазартылған қымбат металдарды оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша тазартылған қымбат металдарды оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6280 06 "Басқа қайта бағалаудан түскен кірістер".

Мақсаты: басқа да активтерді оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да активтерді оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

6290 01, 6290 02, 6290 03, 6290 04, 6290 05, 6290 07 және 6290 08-шоттардың нөмірлері, атаулары және сипаттамалары алып тасталсын.

7340-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 7350-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"7350 "Жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар"

Мақсаты: ұйым алған жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым алған жалдау жөніндегі міндеттемелер бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

7430 01-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын.

7430 02-шоттың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7430 02 "Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстар".

Мақсаты: шетел валютасын теріс қайта бағалау (бағамдық айырма) сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша шетел валютасын теріс қайта бағалау (бағамдық айырма) сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстар сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.";

7440 03-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 7440 04-шоттың нөмірімен, атауымен және сипаттамасымен толықтырылсын:

"7440 04 "Екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша құрылған резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар".

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған ағымдағы шоттар бойынша резервтерді (провизияларды) қалыптастыру бойынша шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

7470 01-шоттың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7470 01 "Тазартылған қымбат металдардың баланстық құны".

Мақсаты: ұйымның тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сатуға байланысты шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның тазартылған қымбат металдарды сатып алу-сатуға байланысты шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жүргізіледі.

7470 02 "Шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шығыстар".

Мақсаты: ұйымның шетел валютасын сатып алу-сатуға байланысты шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның шетел валютасын сатып алу-сатуға байланысты шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.";

7470 03 "Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша ескерілетін бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған шығыстар".

Мақсаты: өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша ескерілетін бағалы қағаздарды теріс қайта бағалау түрінде шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша ескерілетін бағалы қағаздарды баланстан шығынға жазу кезінде өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша ескерілетін осы бағалы қағаздарды теріс қайта бағалау түрінде шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотына есептен шығару жазылады.";

7470 04 және 7470 05-шоттардың нөмірлері, атаулары және сипаттамалары алып тасталсын.

7470 06, 7470 07 және 7470 08-шоттардың атаулары және сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"7470 06 "Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша шығыстар".

Мақсаты: сату үшін қолда бар бағалы қағаздарды шығынға жазу және (немесе) қайта жіктеу кезіндегі шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сату үшін қолда бар бағалы қағаздарды шығынға жазу және (немесе) қайта жіктеу кезіндегі шығыстар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

7470 07 "Тазартылған қымбат металдарды қайта бағалаудан болған шығыстар".

Мақсаты: қымбат металдарды қайта бағалаудан болған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қымбат металдарды баланстан есептен шығару кезінде қымбат металдарды теріс қайта бағалаудан болған шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

7470 08 "Басқа қайта бағалаудан болған шығыстар".

Мақсаты: басқа активтерді теріс қайта бағалаудан ұйым шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа активтерді теріс қайта бағалаудан ұйым шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.";

7480 01, 7480 02, 7480 03, 7480 04, 7480 05, 7480 07 және 7480 08-шоттардың нөмірлері, атаулары және сипаттамалары алып тасталсын.

7480 14-шоттың сипаттамасынан кейін мынадай мазмұндағы 7490 01, 7490 02, 7490 03, 7490 04 және 7490 05-шоттардың нөмірлерімен, атауларымен және сипаттамаларымен толықтырылсын:

"7490 01 "Пайдалану құқығы нысанында негізгі құрал-жабдықтар мен активтердің амортизациясы бойынша шығыстар".

Мақсаты: пайдалану құқығы нысанында негізгі құрал-жабдықтар мен активтердің амортизациясы бойынша шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша пайдалану құқығы нысанында негізгі құрал-жабдықтар мен активтердің амортизациясы бойынша шығыстар сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша пайдалану құқығы нысанында негізгі құрал-жабдықтар мен активтердің амортизациясы бойынша шығыстар сомаларын есептен шығару жазылады.

"7490 02 "Пайдалану құқығы нысанында активтер бойынша күрделі шығындардың амортизациясы бойынша шығыстар".

Мақсаты: пайдалану құқығы нысанында негізгі құрал-жабдықтар мен активтердің амортизациясы бойынша шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша пайдалану құқығы нысанында негізгі құрал-жабдықтар мен активтердің амортизациясы бойынша шығыстар сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша пайдалану құқығы нысанында негізгі құрал-жабдықтар мен активтердің амортизациясы бойынша шығыстар сомаларын есептен шығару жазылады.

"7490 03 "Жылжымайтын мүлікке инвестициялардың амортизациясы бойынша шығыстар".

Мақсаты: мүлікке инвестициялардың амортизациясы бойынша шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша мүлікке инвестициялардың амортизациясы бойынша шығыстар сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша мүлікке инвестициялардың амортизациясы бойынша шығыстар сомаларын есептен шығару жазылады.

"7490 04 "Барлау және бағалау активтерінің амортизациясы бойынша шығыстар".

Мақсаты: барлау және бағалау активтерінің амортизациясы бойынша шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша барлау және бағалау активтерінің амортизациясы бойынша шығыстар сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша барлау және бағалау активтерінің амортизациясы бойынша шығыстар сомаларын есептен шығару жазылады.

"7490 05 "Басқа да материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстар".

Мақсаты: басқа да материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстар сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстар сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстар сомаларын есептен шығару жазылады.";

4-параграфта:

1810 01-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: клиенттердің есепті кезеңдегі (түпкілікті қаржылық нәтиже) таза активтерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша № 1830 топтың тиісті шоттары жабылған кезде ұйымның есепті кезеңдегі кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша № 1830 топтың тиісті шоттары жабылған кезде ұйымның есепті кезеңдегі шығыстарының сомасы жазылады.";

1830 01-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: клиенттен түскен және ұйым клиенттердің активтерін инвестициялық басқару үшін қабылдаған активтердің құнын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиенттен түскен және ұйым клиенттердің активтерін инвестициялық басқару үшін қабылдаған активтердің құны жазылады.

Шоттың дебеті бойынша клиент активтерінің құнын № 1810 01 шотына есептен шығару жазылады.";

1830 02-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: бағалы қағаздар, салымдар және өзге активтер бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздар, салымдар және өзге активтер бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 1810 01 шотына есептен шығару жазылады.";

1830 03-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: активтерді сатып алу-сатудан ұйым кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша активтерді сатып алу-сатудан ұйым кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 1810 01 шотына есептен шығару жазылады.";

1830 04 және 1830 05-шоттардың атаулары және сипаттамалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1830 04 "Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен кірістер".

Мақсаты: әділ құны бойынша ескерілетін активтерді оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша ескерілетін активтерді оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қайта бағалау сомаларын № 1810 01 шотына есептен шығару жазылады.

1830 05 "Бағамдық айырма бойынша кірістер".

Мақсаты: оң бағамдық қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша оң бағамдық қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қайта бағалау сомаларын № 1810 01 шотына есептен шығару жазылады.";

1830 06 және 1830 07-шоттардың атаулары және сипаттамалары алып тасталсын;

1830 08-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: ұйым алған және № 1830 01, 1830 02, 1830 03 және 1830 05 шоттарында ескерілмеген басқа да кірістер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның басқа да кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған кірістердің сомаларын № 1810 01 шотына есептен шығару жазылады.";

1830 09-шоттың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1830 09 "Туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді қайта бағалаудан түскен кірістер".

Мақсаты: туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қайта бағалау сомаларын № 1810 01 шотына есептен шығару жазылады.";

1830 10-шоттың нөмірі, атауы және сипаттамасы алып тасталсын.

1840 01-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: клиент активтерінің құнын оларды ұйым клиент активтерін инвестициялық басқару мақсатында алуы және (немесе) орналастыруы кезінде есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиент активтерінің құны оларды шығынға жазу кезінде жазылады.

Шоттың кредиті бойынша клиент активтерінің құнын № 1810 01 шотына есептен шығару жазылады.";

1840 02-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары көрсеткен қызметтер үшін ұйымның комиссиялық сыйақылар төлеу бойынша шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары көрсеткен қызметтер үшін ұйымның комиссиялық сыйақылар төлеу бойынша шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 1810 01 шотына есептен шығару жазылады.";

1840 03-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: ұйымның активтерді сатып алуы-сатуына байланысты шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның активтерді сатып алуы-сатуына байланысты шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 1810 01 шотына есептен шығару жазылады.";

1840 04-шоттың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1840 04 "Активтерді әділ құны бойынша қайта бағалаудан болған шығыстар".

Мақсаты: әділ құны бойынша ескерілетін активтерді теріс қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша ескерілетін активтерді теріс қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қайта бағалау сомаларын № 1810 01 шотына есептен шығару жазылады.";

1840 05 "Бағамдық айырма бойынша шығыстар".

"Мақсаты: теріс бағамдық қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша теріс бағамдық қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қайта бағалау сомаларын № 1810 01 шотына есептен шығару жазылады.";

1840 06 және 1840 07-шоттардың нөмірлері, атаулары және сипаттамалары алып тасталсын;

1840 08-шоттың сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мақсаты: шоттар жоспарының 2-тарауы 10-параграфында көзделген ұйымның қаржылық және қаржылық емес қызметте басқа да операцияларды жүзеге асыруға байланысты, басқа шоттар бойынша жазуға болмайтын шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның басқа да шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша келтірілген шығыстардың сомаларын № 1810 01 шотына есептен шығару жазылады.";

1840 09-шоттың атауы және сипаттамасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1840 09 "Туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді қайта бағалаудан болған шығыстар".

Мақсаты: туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді қайта бағалаудан болған шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді теріс қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қайта бағалау сомаларын № 1810 01 шотқа есептен шығару жазылады.";

1840 10-шоттың нөмірі, аты және сипаттамасы алып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 2-қосымшамен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының, сақтандыру брокерлерінің бухгалтерлік есеп жүргізуі жөнінде нұсқаулықта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөнінде нұсқаулық";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, өзара сақтандыру қоғамдарының бухгалтерлік есеп жүргізуі жөнінде нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы және "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының заңдарына және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Нұсқаулыққа және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына қайшы келмейтін қосымша бухгалтерлік жазбалар жасауға жол беріледі.";

5-тармақтың 4) тармақшасы алып тасталсын;

3-тарауда:

1-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-параграф. Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын және сату үшін қолда бар сатып алынған борыштық бағалы қағаздарды есепке алу";

6-тармақтың 2), 3) және 4) тармақшалары алып тасталсын:

"2) мәміле бойынша шығындарды есепке ала отырып сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың таза құнына (оның номиналдық құнынан аспайтын сомаға):

Дт	1120 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
	2030 01	Сату үшін қолда да бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;"

3) борыштық бағалы қағазды сатып алумен байланысты шығындар кіретін сыйлықақы сомасына:

Дт	1120 03	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1140 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2030 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы

Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;
----	------	------------------------------------

4) дисконт (жеңілдік) сомасына:

Дт	1120 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
	2030 01	Сату үшін қолда да бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
Кт	1120 02	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1140 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
	2030 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша дисконт;"

б) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"б) борыштық бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәміле сомасы олардың әділ құнынан асып кеткен жағдайда:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан болған шығыстар
Кт	1120 02	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1120 03	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1140 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
	1140 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2030 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
	2030 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы;

7) борыштық бағалы қағаздардың әділ құны оларды сатып алу бойынша мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда:

Дт	1120 02	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1120 03	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1140 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
	1140 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2030 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
	2030 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы

Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан түскен кірістер.";
----	------------	---

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен сыйақы есептеген кезде есептелген сыйақы сомасына мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

Дт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі есептелген кірістер
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түріндегі есептелген кірістер
Кт	6110 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша сыйлықақыны немесе дисконтты (жеңілдікті) ұйымның есеп саясатында белгіленген кезеңділікпен амортизациялаған кезде мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

1) сыйлықақы амортизациясының сомасына:

Дт	7310 02	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақының амортизациясымен байланысты шығыстар
Кт	1120 03	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1140 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2030 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы;

2) дисконт (жеңілдік) амортизациясының сомасына:

Дт	1120 02	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1140 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
	2030 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
Кт	6110 03	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістер.";

10-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша:

егер борыштық бағалы қағаздардың әділ құны олардың есептік құнынан жоғары болса:

Дт	1120 04	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
Кт	6150 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен түскен кірістер;

егер борыштық бағалы қағаздардың есептік құны олардың әділ құнынан жоғары болса:

Дт	7470 03	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздар құнының өзгеруінен болған шығыстар
Кт	1120 05	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

борыштық бағалы қағаздардың әділ құнының есепте тұрған оң немесе теріс түзету сомасына:

Дт	1120 05	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	1120 04	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету;"

11, 12, 13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын және құны шетел валютасымен көрсетілген сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды валюталардың айырбастау бағамы бойынша қайта бағалаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздар бойынша:

валюталардың айырбастау бағамы оң бағамдық айырма сомасына ұлғайған кезде:

Дт	1120 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1120 03	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1120 04	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
Кт	6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер;

бірмезгілде, теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстар
Кт	1120 02	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1120 05	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету;

валюталардың айырбастау бағамы теріс бағамдық айырма сомасына азайған кезде:

Дт	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан шығыстар
Кт	1120 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері

1120 03	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
1120 04	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы;

бірмезгілде, оң бағамдық айырма сомасына:

Дт	1120 02	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1120 05	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын теріс түзету
Кт	6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан кірістер;

2) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша:

валюталардың айырбастау бағамы оң бағамдық айырма сомасына ұлғайған кезде:

Дт	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 03	Сату үшін қолда бар, сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы активтері
	2030 03	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары бойынша сыйлықақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы
Кт	6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер;

бірмезгілде, теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан шығыстар
Кт	1140 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған қаржы инвестициялары бойынша дисконт
	2030 02	Сату үшін қолда бар сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары бойынша дисконт;

борыштық бағалы қағаздардың әділ құнын оң түзету сомасына:

Дт	1140 04	Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларының әділ құнын оң түзету
	1140 05	Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларының әділ құнын теріс түзету
	2030 04	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы инвестицияларының әділ құнын оң түзету
	2030 05	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы инвестицияларының әділ құнын теріс түзету
Кт	5440	Сату үшін арналған қаржы активтерін қайта бағалауға резерв;

валюталардың айырбастау бағамы теріс бағамдық айырма сомасына азайған кезде:

Дт	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан шығыстар
Кт	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы инвестициялары
	1140 03	Сату үшін қолда бар, сатып алынған қаржы инвестициялары бойынша сыйлықақы
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы

	2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары
	2030 03	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары бойынша сыйлықақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы;

бірмезгілде, оң бағамдық айырма сомасына:

Дт	1140 02	Сату үшін қолда бар, сатып алынған қаржы инвестициялары бойынша дисконт
	2030 02	Сату үшін қолда бар, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары бойынша дисконт
Кт	6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер;

борыштық бағалы қағаздардың әділ құнын теріс түзету сомасына:

Дт	5440	Сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалауға резерв
Кт	1140 04	Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларының әділ құнын оң түзету
	1140 05	Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларының әділ құнын теріс түзету
	2030 04	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы инвестицияларының әділ құнын оң түзету
	2030 05	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы инвестицияларының әділ құнын теріс түзету.

12. Эмитенттен Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған және сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақыны алған кезде, мынадай бухгалтерлік жазба жүзеге асырылады:

1) алынған сыйақының сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы;

2) ұсталған корпоративтік табыс салығының сомасына:

Дт	3110 01	Төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы
Кт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы.

13. Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған және сату үшін қолда бар бағалы қағаздарды сатқан кезде сыйақыны, сыйлықақының амортизациясын немесе дисконтты (жеңілдікті) есептегеннен кейін және борыштық бағалы қағаздарды Нұсқаулықтың 7, 9 және 10-тармақтарына сәйкес әділ құны бойынша қайта бағалағаннан кейін мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша амортизацияланбаған сыйлықақының сомасына:

Дт	1120 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
----	---------	--

	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
	2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
Кт	1120 03	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша сыйлықақы
	1140 03	Сату үшін қолда бар, сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2030 03	Сату үшін қолда бар, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша сыйлықақы;

2) Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар бойынша амортизацияланбаған дисконттың (жеңілдіктің) сомасына:

Дт	1120 02	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын сатып алынған қысқа мерзімді қаржы активтері бойынша дисконт
	1140 02	Сату үшін қолда бар, сатып алынған қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
	2030 02	Сату үшін қолда бар, сатып алынған ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар бойынша дисконт
Кт	1120 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
	2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар;

3) Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды сату бойынша жасалған мәміленің сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	1120 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылар бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақы
	2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
	2170 03	Бағалы қағаздар бойынша алдыңғы ұстаушылар есептеген сыйақы;

4) Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды

сату бойынша жасалған мәміле сомасы олардың есептік сомасынан асқан жағдайда, айырма сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түскен кірістер;

5) Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздардың есептік сомасы оларды сату бойынша жасалған мәміле сомасынан асқан жағдайда, айырма сомасына:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан болған шығыстар
Кт	1120 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
	2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар;

6) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен кіріс сомасына:

Дт	5440	Сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв
Кт	6150 03	Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша кіріс;

7) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан шығыс сомасына:

Дт	7470 06	Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша шығыс
Кт	5440	Сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв.

14. Эмитент сыйақыны, сыйлықақыны немесе дисконтты (женілдікті) амортизациялауды есептегеннен кейін және осы Нұсқаулықтың 7, 9 және 10-тармақтарына сәйкес борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан кейін сату үшін қолда бар және өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық бағалы қағаздарды өтеген кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын және сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздар эмитентінен түскен ақша сомасына:

Дт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
Кт	1120 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы активтері
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы

2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары
2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кіріс
2170 03	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы;

2) ұсталған корпоративтік табыс салығы сомасына:

Дт	3110 01	Төленуге тиіс корпоративтік табыс салығы
Кт	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы;

3) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан түскен кірістер сомасына:

Дт	5440	Сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалауға резерв
Кт	6150 03	Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша кірістер;

4) сату үшін қолда бар борыштық бағалы қағаздарды әділ құны бойынша қайта бағалаудан шығыстар сомасына:

Дт	7470 06	Сату үшін қолда бар бағалы қағаздар бойынша шығыстар
Кт	5440	Сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалауға резерв.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Құны валюталардың айырбастау бағамы бойынша шетел валютасында көрсетілген, өтелгенге ұсталатын борыштық бағалы қағаздарды валюталардың айырбастау бағамы бойынша қайта бағалаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) оң бағамдық айырма сомасына:

Дт	1130 01	Өтегенге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялар
	1130 03	Өтегенге дейін ұсталатын сатып алынған қаржы инвестициялар бойынша сыйлықақы
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы
	2020 01	Өтегенге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар
	2020 03	Өтегенге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары бойынша сыйлықақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы
Кт	6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер;

Бірізгілде, теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстар
Кт	1130 02	Өтегенге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша дисконт
	2020 02	Өтегенге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша дисконт;

2) теріс бағамдық айырма сомасына:

Дт	7430 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығыстар
Кт	1130 01	Өтегенге дейін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялар
	1130 03	Өтегенге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы
	1270 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	1270 04	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы
	2020 01	Өтегенге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді инвестициялар
	2020 03	Өтегенге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша сыйлықақы
	2170 01	Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген кірістер
	2170 03	Алдыңғы ұстаушылардың бағалы қағаздар бойынша есептеген сыйақысы;

Бірізгілде, оң бағамдық айырма сомасына:

Дт	1130 02	Өтегенге дейін ұсталатын сатып алынған қысқа мерзімді инвестициялар бойынша дисконт
	2020 02	Өтегенге дейін ұсталатын сатып алынған ұзақ мерзімді инвестициялар бойынша дисконт
Кт	6250 02	Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер.";

22-тармақтың 3) және 4) тармақшалары алып тасталсын;

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын немесе сату үшін қолда бар үлестік бағалы қағаздарды сатып алу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) брокерге авансты аударған кезде:

Дт	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты;

2) мәміле бойынша шығыстарды есепке ала отырып, сатып алынған үлестік бағалы қағаздың таза құнына:

Дт	1120 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы инвестициялары
	2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары
Кт	1030	Ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты
	1610 02	Брокерлермен есеп айырысу;

3) үлестік бағалы қағаздарды сатып алу бойынша мәміле сомасы олардың әділ құнынан асып кеткен жағдайда:

Дт	7470 10	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан болған шығыстар
----	---------	--

Кт	1120 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы инвестициялары
	2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары;

4) борыштық бағалы қағаздардың әділ құны олар сатып алу бойынша мәміле сомасынан асып кеткен жағдайда:

Дт	1120 01	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтері
	1140 01	Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы инвестициялары
	2030 01	Сату үшін қолда бар ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары
Кт	6280 09	Бағалы қағаздарды сатып алудан-сатудан түскен кірістер.";

33, 34, 35 және 36-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын сатып алынған немесе сату үшін қолда бар үлестік бағалы қағаздарды ұйымның есептік саясатында белгіленген кезеңділікпен әділ құны бойынша қайта бағалаған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жүзеге асырылады:

1) Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша есепке алынатын үлестік бағалы қағаздар бойынша:

егер борыштық бағалы қағаздардың әділ құны олардың есептік құнынан жоғары болса:

Дт	1120 04	Өзгерістері пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша есепке алынатын қысқа мерзімді қаржы активтерінің әділ құнын оң түзету
